

ӨОЖ 316.75:94

FTAMP 03.20.00

<https://doi.org/10.48371/ISMO.2026.63.1.026>

ЖАД САЯСАТЫ МЕН ТАРИХИ НАРРАТИВТЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІККЕ ЫҚПАЛЫ: ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЫСАЛЫНДА

***Ахмеджанова М.Ж.¹**

***¹ Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері
университеті, Алматы, Қазақстан**

Аңдатпа. Қазіргі жаһандану мен посткеңестік трансформация кезеңінде ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселесі Орталық Азия елдері үшін аса өзектілікке ие. Аталмыш үдеріс жағдайында тарихи жад және де оны басқарудың институционалдық тетіктері, яғни жад саясаты, мемлекеттілік пен қоғамдық тұтастықты нығайтудың маңызды құралына айналып отыр. Бұл мақала жад саясаты мен тарихи нарративтердің ұлттық бірегейлікті қалыптастыру процесіндегі рөлін Орталық Азия елдерінің тәжірибесі аясында ғылыми тұрғыда пайымдауға бағытталған.

Зерттеудің мақсаты – тарихи жад пен тарихи нарративтердің ұлттық бірегейлікке ықпал ету механизмдерін анықтау, олардың интегративті әрі конфликтогендік қырларын ашу. Зерттеу аясында жад саясаты ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың символдық, идеологиялық және институционалдық құралы ретінде қарастырылады. Жетекші идея тарихи жадтың бейтарап өткеннің көрінісі емес, қазіргі әлеуметтік және саяси үдерістермен тығыз байланысты, динамикалық әрі көпдеңгейлі құрылым екенін дәлелдеуге негізделеді.

Әдіснамалық тұрғыда зерттеу сапалық әдістерге сүйеніп жүргізілді. Негізгі әдістер ретінде дискурсивтік талдау, нарративтік талдау, сондай-ақ, салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылды. Зерттеудің дереккөздік базасын отандық және шетелдік академиялық зерттеулер құрады.

Зерттеу нәтижелері жад саясатының ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда көпқырлы ықпал ететінін анықтауға мүмкіндік берді. Тарихи нарративтердің бір қыры ортақ тарихи кеңістік қалыптастырып, қоғамдық бірлікті нығайтса, екінші қыры балама естеліктерді шеттету арқылы әлеуметтік жіктелу қаупін арттыруы мүмкін екені айқындалды. Зерттеудің негізгі құндылығы жад саясатының Орталық Азия кеңістігіндегі ерекшеліктерін кешенді түрде талдап, ұлттық бірегейлік қалыптастыру үдерісін теориялық тұрғыда тереңдетуімен айқындалады. Практикалық тұрғыдан алынған тұжырымдар тарихи саясатты жетілдіруде және қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған мәдени стратегияларды әзірлеуде қолданылуы мүмкін.

Тірек сөздер: тарихи жад, жад саясаты, тарихи нарратив, ұлттық бірегейлік, Орталық Азия, посткеңестік кеңістік, мемлекеттілік, символдық саясат, мәдени жад

Кіріспе

Бүгінгі таңда ұлттық бірегейліктің мазмұны мен оны қалыптастыру тетіктері әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың өзекті зерттеу нысанына айналып отыр. Әсіресе посткеңестік кеңістікте орналасқан Орталық Азия мемлекеттері үшін ұлттық бірегейлік мәселесі тек мәдени немесе тарихи феномен ғана емес. Ол мемлекеттілікті нығайтуға, қоғамдық тұтастықты қамтамасыз етуге және саяси легитимацияны бекітуге бағытталған стратегиялық ресурс ретінде зерттелуде. Аталмыш үдерісте тарихи жад пен оны институционалдық деңгейде басқару тәжірибесі, яғни жад саясаты, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың негізгі құралдарының біріне айналды.

Ұлттық бірегейлік пен тарихи жадтың арақатынасы қазіргі ғылымда кең зерттеледі. Бұл бағытта ұлт табиғи құбылыс емес, тарихи, саяси және мәдени үдерістер барысында қалыптасатын әлеуметтік құрылым ретінде қарастырылады. Б. Андерсон ұлтты «елестетілген қауымдастық» деп түсіндіріп, ортақ тарихи нарративтердің ұжымдық тұтастықты қалыптастырудағы рөлін көрсетеді [1].

Тарихи жадты түсіндіруде М. Хальбвакстың ұжымдық жад теориясы маңызды орын алады. Оның пікірінше, жад жеке адамның ғана емес, әлеуметтік топтардың тәжірибесі мен құндылықтары арқылы қалыптасатын құбылыс. Сондықтан өткен шақ қоғамда әрқашан таңдамалы түрде еске алынады [2].

Я. Ассман мәдени жадты ұжымдық бірегейлікті сақтайтын негізгі механизм ретінде сипаттайды. Оның тұжырымынша, тарихи жад мәтіндер, мерекелер, ескерткіштер мен ритуалдар арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады [3]. Ал Э. Хобсбаум көптеген ұлттық дәстүрлердің саяси және идеологиялық мақсатта кейіннен қалыптастырылатынын көрсетеді [4]. Бұл жад саясатының ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Орталық Азия елдерінде аталмыш мәселенің көкейкестілігі кеңестік өткенмен байланысты күрделі мұрамен ұштасады. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін осы Орталық Азия елдері жаңа ұлттық тарих құру, кеңестік идеологиялық нарративтерден бас тарту қажеттілігіне тап болды. Бұл мәселе қатарына ұлттық мемлекеттілікке негіз болатын тарихи рәміздер мен символдарды қайта жаңғырту да жатады. Бұл жағдайда қайта құрылымдау үдерісі табиғи эволюция жолымен емес, одан да ауқымды мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылған мақсатты саясат арқылы іске асырылды. Кеңестік кезеңге қатысты амбивалентті бағалар, отаршылдық

дискурсты күшейту, «ұлттық қайта өрлеу» идеясының алдыңғы қатарға шығуы – мұның барлығы жад саясатының нақты көріністері болып саналады.

Орталық Азиядағы жад саясаты біртекті сипатқа ие емес. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан жағдайында тарихи нарративтер әртүрлі идеологиялық басымдықтар мен саяси мақсаттарға сәйкес қалыптасты. Кейбір елдерде азаматтық бірегейлікті күшейтуге бағытталған инклюзивті тарихи дискурс басым болса, келесі бір елде этникалық-мәдени бірегейлікке негізделген эксклюзивті модельдер байқалады [5]. Біздің пікірімізше, осы айырмашылықтар жад саясатының ұлттық бірегейлікке ықпал ету механизмдерін салыстырмалы тұрғыда талдаудың маңызын арттырады.

Ғылыми әдебиеттерде тарихи жад пен ұлттық бірегейлік арасындағы байланыс біршама зерттелгенімен, Орталық Азия аясында бұл мәселе көбіне сипаттамалық деңгейде ғана қарастырылып келеді. Бұндай ерттеулердің басым бөлігінде жад саясатының жекелеген элементтері ғана (ескерткіштер, мерекелер, оқулықтар, тарихи тұлғалардың канондануы) талданады. Алайда тарихи нарративтердің ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы кешенді ықпал ету механизмдері, сондай-ақ, олардың әлеуметтік тұрғыда қабылдануы жеткілікті деңгейде жүйеленбеген. Бұл қарама-қайшылық зерттеу кеңістігінде белгілі бір теориялық және эмпирикалық олқылықтың бар екенін көрсетеді [6].

Зерттеудің мақсаты – жад саясаты мен тарихи нарративтердің ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін теориялық тұрғыда пайымдап, Орталық Азия елдері мысалында олардың ықпал ету механизмдерін анықтау. Қойылған мақсатқа жету үшін мақалада біз, тарихи жад теорияларын, ұлттық бірегейлік тұжырымдамаларын және посткеңестік кеңістіктегі мемлекет құру тәжірибелерін өзара сабақтастықта қарастыратын боламыз.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу дизайны сапалық салыстырмалы талдау тәсіліне негізделді және жад саясаты мен тарихи нарративтердің ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін аймақтық контексте анықтауға бағытталды. Зерттеу логикасы жад саясатының ұлттық бірегейлікке ықпал ету механизмдерін және олардың институционалдық және дискурсивтік деңгейдегі көріністерін кешенді түрде талдауға негізделді.

Зерттеу барысында төмендегі негізгі зерттеу сұрақтары алынды:

– жад саясаты тарихи нарративтер арқылы ұлттық бірегейліктің мазмұны мен құрылымына қандай тетіктер арқылы ықпал етеді;

– Орталық Азия мемлекеттерінде ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда тарихи жадты институционалдандырудың қандай модельдері қалыптасқан және олардың ерекшеліктері қандай.

Осы мақсатта мақалада жад саясатының әртүрлі модельдері байқалатын елдер ретінде Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстанға салыстырмалы талдау жүргізілді. Аталған мемлекеттерді таңдау олардың ортақ посткеңестік тарихи тәжірибесіне қарамастан, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру стратегияларының мазмұны мен институционалдық тетіктері бойынша айырмашылықтарының болуымен негізделді. Қазақстан жағдайында жад саясаты азаматтық бірегейлік элементтерін күшейтуге бағытталған инклюзивті модельмен сипатталса, Өзбекстанда тарихи нарративтердің мемлекеттілікке негізделген этноцентрлік сипаты басым. Ал Қырғызстанда тарихи жад ұлттық эпикалық мұра мен дәстүрлі символдарға сүйенген мәдени-нарративтік модель арқылы қалыптасады.

Зерттеудің эмпирикалық базасын Орталық Азия мемлекеттерінің тарихи жад пен ұлттық бірегейлік саясатына қатысты ресми құжаттары құрады. Атап айтқанда, Қазақстан бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы (2017), «Ұлттық бірегейлікті қалыптастыру тұжырымдамасы» (2015), «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы (2004–2011), сондай-ақ Қазақстан тарихы бойынша жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулықтар пайдаланылды.

Өзбекстан бойынша «Yangi O‘zbekiston taraqqiyot strategiyasi» (2022), «O‘zbekiston Respublikasining davlat tili to‘g‘risida» Заңы, ұлттық тарихқа қатысты мерейтойлық бағдарламалар мен ресми баяндамалар талданды.

Қырғызстан бойынша «Кыргыз Республикасынын улуттук өнүгүү стратегиясы» (2018–2040), «Манас» эпосының мемлекеттік идеологиядағы орнына қатысты ресми құжаттар және мектеп оқулықтары зерттеу материалы ретінде қарастырылды.

Дискурсивтік талдау тарихи жадтың ресми саяси дискурста қалай құрылатынын анықтау мақсатында қолданылды. Талдау барысында мәтіндерден «ұлттық жаңғыру», «тарихи әділеттілік», «мемлекеттілік сабақтастығы», «отарлық мұра», «ұлттық бірлік» сияқты мағыналық маркерлер іріктеліп, олардың ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі талданды. Дискурсивтік талдау семантикалық, риторикалық және идеологиялық деңгейлерде жүргізілді.

Нарративтік талдау тарихи мәтіндердегі оқиғалардың құрылымдық логикасын айқындауға бағытталды. Осы әдіс арқылы тарихи нарративтердің героикалық, травмалық және нормативтік типтері анықталып, олардың ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы функциялары жүйеленді.

Салыстырмалы-тарихи әдіс Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстандағы жад саясатының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындауға қолданылды. Салыстыру критерийлері ретінде тарихи кезеңдерді іріктеу, ұлттық қаһармандарды ресми тарихи канонға енгізу, кеңестік өткенге берілген бағалар және мемлекеттілік идеяларын негіздеу тәсілдері алынды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Зерттеу нәтижелері Орталық Азия елдерінде жад саясатының ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда жүйелі әрі институционалданған сипатқа ие екенін көрсетеді. Кеңестік кезеңнен кейінгі трансформация жағдайында тарихи жад мемлекеттіліктің символдық негізін құрудың маңызды құралына айналды. Бұл үдеріс, ең алдымен, тарихи нарративтерді қайта құрылымдау арқылы жүзеге асырылды. Мемлекеттер кеңестік тарихтың әмбебап интерпретациясынан бас тартып, ұлттық ерекшеліктерге негізделген жаңа тарихи канон қалыптастыруға ұмтылды [7].

М. Ларюэльдің Орталық Азиядағы мемлекет құру процестеріне арналған зерттеулерінде тарихи жад саясаты мемлекеттің идеологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі механизм ретінде сипатталады. Біздің пікіріміз бойынша ұлттық тарихты қайта жазу тек өткенді бағалау актісі емес. Керісінше қазіргі саяси тәртіпті заңдастыру тәсілі [8]. Бұл тұжырым зерттеу барысында талданған деректермен де расталды. Демек, тарихи тұлғаларды ресми тұрғыда мойындау, мемориалдық кеңістікті қайта ұйымдастыру ұлттық бірегейліктің институционалдық негізін нығайтуға бағытталған. Бұл тізімге мерекелік күнтізбені ұлттық мазмұнмен толықтыру да кіреді.

Біздің мемлекетіміздің тәжірибесі бойынша жад саясаты азаматтық бірегейлікті қалыптастырумен қатар, этникалық тарихи нарративтерді де интеграциялауға ұмтылған күрделі модель ретінде көрінеді. Р. Исаакстың зерттеулері бойынша Қазақстандағы тарихи жад саясаты кеңестік модернизация тәжірибесін толық жоққа шығармайды. Оны ұлттық мемлекеттілік дамуының бір кезеңі ретінде қайта интерпретациялауға негізделгені көрсетіледі [9].

Қазақстан жағдайында жад саясаты ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың жүйелі әрі институционалданған моделіне негізделген. Бұл модельдің басты ерекшелігі – тарихи жадты мемлекеттік стратегиялық құжаттар, білім беру жүйесі және символдық саясат құралдары арқылы кешенді түрде қалыптастыруға бағытталуында.

Қазақстандағы жад саясатының негізгі идеологиялық өзегі «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айқын көрініс тапқан. Бұл құжатта тарихи жад ұлттық бірегейліктің рухани негізі ретінде қарастырылып, «ұлттық код», «тарихи сабақтастық», «ұлттық жаңғыру» ұғымдары арқылы символдық түрде құрылымдалады. Дискурсивтік талдау көрсеткендей, аталған мәтінде тарихи жад өткенді объективті сипаттау құралы ретінде емес, ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған нормативтік нарратив ретінде ұсынылады. Мұнда Қазақстан тарихы үздіксіз мемлекеттілік дәстүрі бар, терең тарихи тамыры қалыптасқан өркениеттік кеңістік ретінде бейнеленеді. Бұл тәсіл ұлттық бірегейлікті легитимациялау механизмінің негізгі элементі болып табылады.

Жад саясатының институционалдық деңгейдегі көрінісі «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының мазмұнында да анық байқалады. Бағдарлама тарихи мұра объектілерін зерттеу мен қалпына келтірумен қатар, ұлттық тарихтың символдық канонын қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама шеңберінде тарихи тұлғалар мен оқиғалардың маңыздылығы қайта бағаланып, олар ұлттық мемлекеттіліктің тарихи негізін айқындайтын элементтер ретінде ұсынылды. Бұл жад саясатының материалдық мәдени мұра арқылы жүзеге асатын құрылымдық тетігін көрсетеді.

Сонымен қатар Қазақстандағы жад саясаты білім беру кеңістігінде де жүйелі түрде институционалданған. Мектеп тарих оқулықтарының мазмұнын талдау Қазақ хандығы кезеңінің ұлттық мемлекеттіліктің бастау нүктесі ретінде ерекше репрезентацияланатынын көрсетті. Бұл нарративтік құрылымда Қазақ хандығының құрылуы «ұлттық мемлекеттілік идеясының тарихи легитимациясы» ретінде ұсынылады. Оқулық мәтіндерінде қолданылатын «тәуелсіздікке ұмтылу», «ұлттық тұтастық», «мемлекеттік дәстүр» сияқты тұрақты дискурсивтік маркерлер тарихи жадтың ұрпақаралық берілуін қамтамасыз ететін символдық құралдарға айналған.

Қазақстандағы жад саясатының тағы бір маңызды тетігі – символдық кеңістікті қайта құрылымдау тәжірибесі. Тәуелсіздік жылдарында топонимдерді өзгерту, жаңа ескерткіштер орнату және тарихи мерейтойларды мемлекеттік деңгейде атап өту тарихи жадтың кеңістіктік институционалдануын қамтамасыз етті. Бұл үдерістер ұлттық тарихтың визуалды және күнделікті тәжірибелік деңгейде бекітілуіне ықпал етті.

Өзбекстанда жад саясаты ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың мемлекеттік деңгейде қатаң жүйеленген және жоғары символдық жүктемесі бар моделі ретінде көрінеді. Бұл модельдің өзегі – тарихи нарративтерді мемлекеттілік идеясына тікелей «тірек» ету, яғни ұлттық тарихты қазіргі саяси-құндылықтық бағдарлармен байланыстыра отырып, қоғамға ұсыну. Өзбекстандағы жад саясатының институционалдық ядросы ретінде «Yangi O‘zbekistonning taraqqiyot strategiyasi» (2022–2026) және сол құжаттың аясында қалыптасқан реформалық дискурс қарастырылады. Аталған стратегиялық мәтіндерде ұлттық бірегейлік «жаңа мемлекет», «жаңа қоғам» идеяларымен сабақтасып, тарихи сабақтастық пен ұлттық мақтанышқа негізделген нормативтік бағдар ретінде ұсынылады. Дискурстық деңгейде мұнда «milliy tiklanish» (ұлттық жаңғыру), «milliy g‘urur» (ұлттық мақтаныш), «ma’naviyat» (руханият), «davlatchilik» (мемлекеттілік) секілді маркерлер тұрақты түрде қолданылады және ұлттық бірегейліктің құндылықтық қаңқасын құрайды.

Өзбекстан кейсінде тарихи нарративті құрастырудың айрықша белгісі – «мемлекеттілік дәстүрін» үздіксіз желі ретінде көрсету. Бұл жерде тарихи жадтың негізгі функциясы – қазіргі мемлекетті «тарихи заңды

жалғастықтың» нәтижесі ретінде таныту. Мұндай логика әсіресе тарихи тұлғаларды ресми тарихи канонға енгізу (канондандыру) практикасынан айқын көрінеді. Өзбекстандағы символдық саясатта Әмір Темір (Amir Temur) тұлғасы ұлттық мемлекет құрушы, орталықтанған биліктің, тәртіп пен қуаттың символы ретінде ұсынылып, ұлттық мақтаныш нарративінің басты тірегіне айналған. Бұл тәсіл тарихи жадтың «героикалық нарратив» типін күшейтеді: ұлттық тарихтағы қуатты кезеңдер, саяси бірлік, өркениеттік жетістік басым сипатта беріледі. Тарихи тұлғаға қатысты символдық капиталдың жоғары болуы ұлттық бірегейлікті «күшті мемлекет» идеясына жақындатады және қоғамда ортақ идентификациялық үлгіні бекітеді.

Екінші бір маңызды бағыт – Жадидтер (jadidlar) және XX ғасыр басындағы модернизациялық идеяларды ұлттық жаңғырудың тарихи негізі ретінде көрсету. Бұл жерде жад саясаты тарихи нарративті тек көне дәуірмен шектемей, ұлттық интеллигенцияның реформаторлық дәстүрін ұлттық бірегейліктің интеллектуалдық тірегі ретінде «қалпына келтіреді». Мұндай нарративтің ерекшелігі – ұлттық бірегейлікті тек этномәдени негізде емес, «заманауилыққа ұмтылу», «ағартушылық», «білім арқылы жаңғыру» сияқты құндылықтармен байланыстыруы. Осылайша Өзбекстанда тарихи жад «ұлттық модернизация» идеясын ақтайтын ресурсқа айналады.

Өзбекстандағы жад саясатының үшінші айқын қабаты – травмалық нарратив элементтері. Бұл көбіне кеңестік кезеңдегі репрессия құрбандарын еске алу, саяси қуғын-сүргін жады, «тарихи әділеттілікті қалпына келтіру» дискурсы арқылы көрініс табады. Мұнда тарихи жадтың функциясы моральдық-нормативтік сипат алады: өткендегі әділетсіздікті атап көрсету арқылы қазіргі тәуелсіздіктің құндылығын күшейту және «тәуелсіздік – тарихи әділеттің нәтижесі» деген ұстанымды орнықтыру. Алайда Өзбекстан кейсінде травмалық нарратив көбіне героикалық және мемлекеттілік нарративімен теңгеріліп беріледі: яғни жад саясаты тек «жара» туралы емес, «ұлттың қалпына келуі» туралы оптимистік желіні басым ұстайды.

Білім беру кеңістігінде жад саясатының әсері тарих оқулықтары мен оқу бағдарламаларындағы сюжеттерден байқалады. Оқу материалдарында мемлекеттілік дәстүрі, ұлттық тәуелсіздікке жету жолы және ұлттық қаһармандардың тарихи рөлі оқиғаның өзегіне айналып, бағалауыш риторика арқылы нығайтылады (ұлттық мақтаныш, тарихи сабақтастық, ұлттық бірлік). Мұндай құрылым оқушы санасында ұлттық бірегейлікті «табиғи», «тарихи заңды» құбылыс ретінде қабылдауға жағдай жасайды. Яғни жад саясаты ұрпақаралық репродукция механизмін іске қосады: тарихи нарратив оқу арқылы күнделікті санаға сіңіріледі.

Символдық кеңістікті қайта құрылымдау тәжірибесі де Өзбекстанда маңызды эмпирикалық көрсеткіш ретінде көрінеді. Тәуелсіздік кезеңінде мерекелік күнтізбені ұлттық мазмұнмен толықтыру, мемориалдық

нысандарды жаңарту, қоғамдық кеңістікте тарихи атауларды (топонимдерді) қайта қарастыру сияқты практикалар тарихи жадты «көрінетін» және «күнделікті» етеді. Бұл жерде жад саясатының ықпалы тек мәтіндік дискурспен шектелмей, әлеуметтік кеңістікті ұйымдастыру арқылы іске асады: азамат тарихи жадты символдар, мерекелер, атаулар арқылы үнемі «кездестіріп» отырады.

Жалпы алғанда, Өзбекстандағы жад саясаты ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда мемлекеттілікке негізделген және жоғары дәрежеде символдандырылған модель ретінде сипатталады. Оның басты ерекшелігі – ұлттық тарихты «күшті мемлекеттілік дәстүрі» және «ұлттық мақтаныш» желісі арқылы жүйелі түрде құрастыру. Сонымен бірге, модернизациялық және травмалық нарратив элементтерін іріктеп енгізу арқылы бұл модель ұлттық бірегейлікті тек өткенге сүйенетін емес, «жаңа қоғам» идеясымен үйлестірілген динамикалық құрылым ретінде ұсынады.

Қырғызстан жағдайында жад саясаты ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың мәдени-нарративтік және символдық бағытқа бейімделген ерекше моделін көрсетеді. Басқа Орталық Азия мемлекеттерінен айырмашылығы, бұл елде тарихи жад мемлекеттілік дәстүрін күшейтуден гөрі этномәдени бірегейлікті бекітуге және ұлттық тұтастықты мәдени символдар арқылы қалыптастыруға бағытталған. Мұндай модельдің өзегі ретінде эпикалық мұра, тарихи-мәдени дәстүрлер және ұжымдық естелік кеңістіктер ерекше маңызға ие.

Қырғызстандағы жад саясатының институционалдық негізі «Қырғыз Республикасының улуттук өнүгүү стратегиясы – 2040» құжатында айқын көрінеді. Бұл стратегиялық мәтінде ұлттық бірегейлік тарихи-мәдени сабақтастық, рухани құндылықтар және дәстүрлі дүниетаныммен тығыз байланыста қарастырылады. Дискурстық талдау аталған құжатта «улуттук мурас» (ұлттық мұра), «тарыхый эс тутум» (тарихи жад), «руханий баалуулуктар» (рухани құндылықтар), «биримдик» (бірлік) сияқты мағыналық маркерлердің тұрақты қолданылатынын көрсетті. Бұл ұғымдар ұлттық бірегейлікті саяси емес, мәдени-символдық кеңістікте негіздеуге бағытталған.

Қырғызстандағы жад саясатының басты ерекшелігі – эпикалық нарративтердің орталық рөл атқаруы. Әсіресе «Манас» эпосы ұлттық бірегейліктің символдық өзегі ретінде институционалданған. Мемлекеттік риторикада және білім беру жүйесінде эпос тек әдеби мұра ретінде емес, ұлттық тарихтың архетиптік бейнесі ретінде ұсынылады. Нарративтік талдау «Манас» дискурсында «еркіндік», «бірлік», «жерге адалдық», «қаһармандық» сияқты тұрақты құндылықтық категориялардың қолданылатынын көрсетті. Бұл эпикалық нарратив ұлттық бірегейлікті тарихи фактілерден гөрі мифологиялық-символдық деңгейде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Білім беру кеңістігінде жад саясатының ықпалы тарих және әдебиет оқулықтарының мазмұнында көрінеді. Оқу материалдарында эпикалық мұра мен дәстүрлі көшпелі мәдениет ұлттық бірегейліктің негізгі тірегі ретінде ұсынылады. Мұндай құрылым тарихи жадтың этномәдени мазмұнын күшейтіп, ұлттық бірегейлікті мәдени код ретінде бекітеді. Оқулық мәтіндерінде жиі қолданылатын «улуттук аң-сезим» (ұлттық сана), «ата-баба мурасы» (ата-баба мұрасы), «элдин биримдиги» (халықтың бірлігі) сияқты дискурстық маркерлер тарихи жадтың ұрпақаралық берілуін қамтамасыз ететін символдық құралдарға айналады.

Қырғызстандағы жад саясатының тағы бір маңызды тетігі – ұлттық мерейтойлық саясат. «Манас» эпосының мыңжылдығын атап өту, ұлттық батырлар мен тарихи тұлғалардың мерейтойларын мемлекеттік деңгейде ұйымдастыру, сондай-ақ мәдени фестивальдер арқылы тарихи жад қоғамдық кеңістікте тұрақты түрде жаңғыртылып отырады. Бұл тәжірибе тарихи жадты әлеуметтік тәжірибеге енгізудің символдық-ритуалдық механизмін көрсетеді.

Символдық кеңістікті қайта құрылымдау да Қырғызстанда жад саясатының маңызды элементі болып табылады. Қоғамдық кеңістікте эпикалық кейіпкерлердің бейнелері, ұлттық символика мен дәстүрлі мәдени нышандардың кеңінен қолданылуы тарихи жадтың визуалдық институционалдануын қамтамасыз етеді. Бұл үдеріс ұлттық бірегейлікті күнделікті тәжірибе деңгейінде бекітуге ықпал етеді.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері Орталық Азия кеңістігінде тарихи нарративтердің бірнеше тұрақты типтерінің қалыптасқанын анықтауға мүмкіндік берді. Бірінші тип – героикалық нарратив. Бұл ұлттық тарихты үздіксіз күрес пен ерлікке толы процесс ретінде бейнелейді. Героикалық нарративте тарихи батырлар, мемлекет құрушы тұлғалар және «алтын дәуір» идеясы негізгі орын алады. «Естелік орындар» атты П. Нораның теориясы бойынша, мұндай нарративтер ұлттық бірегейліктің символдық өзегін қалыптастырады [10].

Екінші травмалық нарратив. Ол отаршылдық, репрессия және тарихи әділетсіздік тәжірибесіне негізделеді. Бұл нарратив Орталық Азия елдерінде кеңестік кезеңді бағалауда ерекше көрініс табады. Бұған қатысты ойлар А. Эткиндтің посткеңестік кеңістіктегі тарихи травмаға арналған еңбектерінде бар. Ғалым көзқарасына сәйкес, өткеннің «жабылмаған» беттері ұлттық бірегейліктің моральдық негізін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады [11]. Бірақ травмалық нарративтің шамадан тыс саясилануы ұлттық бірегейлікті біріктіруші емес, бөлуші факторға айналу қаупін де арттырады.

Соңғы тип – моральдық-нормативтік нарратив, онда тарих қазіргі қоғам үшін үлгі болатын моральдық сабақтар жиынтығы ретінде ұсынылады. Мәдени жад теориясы (Дж. Ассманн) аясында аталмыш нарративтер

ұжымдық құндылықтар жүйесін бекітуге бағытталған мәдени код ретінде айқындалады.

Біздің зерттеу нәтижеміз бойынша, жад саясатының ұлттық бірегейлікке ықпалы бірнеше негізгі механизмдер арқылы жүзеге асады екен. Алғашқысы, таңдамалы еске алу және ұмыту механизмі. Бұл механизм белгілі бір тарихи кезеңдер мен оқиғаларды ерекше атап көрсету арқылы өзге көзқарастарды шеттетуге негізделеді [12].

Келесі, символдық кеңістікті құрылымдау механизмі. Ескерткіштер, топонимдер, мемлекеттік мерекелер мен мерейтойлар тарихи нарративті күнделікті өмір кеңістігіне енгізу арқылы ұлттық бірегейлікті «табиғи» құбылыс ретінде қабылдатуға ықпал етеді. Н. Мегоранның Орталық Азиядағы саяси географияға арналған зерттеулері бұл кеңістіктік символиканың ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін нақты көрсетеді [13].

Үшіншісі, білім беру арқылы нарративті репродукциялау механизмі. Тарихи жадтың мектеп пен университет деңгейінде жүйелі түрде берілуі ұлттық бірегейліктің ұрпақаралық сабақтастығын қамтамасыз етеді. Бұған қатысты ғалым зерттеулер А. Халидтің Өзбекстандағы ұлттық тарихтың қалыптасуына арналған еңбектерінде сипатталады. Бұл зерттеу бойынша білім беру институттары тарихи жадты ресми канон шеңберінде бекітетін негізгі алаң [14].

Зерттеу нәтижелері жад саясатының ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы екіұшты табиғатын ерекше атап көрсетуге мүмкіндік береді. Бір жағынан, ортақ тарихи нарративтер әлеуметтік тұтастықты күшейтіп, «біз» ұғымының символдық шекараларын айқындайды. Бұл тұрғыда жад саясаты интегративті функция атқарады. Екінші жағынан, балама тарихи тәжірибелердің шеттетілуі немесе маргиналдануы ұлттық бірегейліктің эксклюзивті моделін қалыптастыруы мүмкін. Бұл қорытынды Р. Брубейкердің этникалық және азаматтық бірегейлік арасындағы шиеленіс жайлы ғылыми пайымдарымен үндеседі [15].

Жад саясатының саяси легитимациямен байланысы да зерттеу нәтижелерінде айқын көрініс тапты. Өткенді басқару арқылы қазіргі билікті ақтау – посткеңестік кеңістікке тән құбылыс [16]. Алайда алынған нәтижелер заңдастырылған нарративтердің тиімділігі олардың қоғамдық қабылдану деңгейіне тәуелді ететінін анықтады. Егер ресми тарихи дискурс қоғамның күнделікті жад тәжірибесіне сәйкес келмесе, ол легитимациялық ресурс ретінде әлсірейді. Бұл жағдай жад саясатының тек билік құралы ғана емес, қоғамдық келісім алаңы екенін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелерін жүйелеу мақсатында Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстандағы жад саясатының ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы негізгі ерекшеліктері төмендегі салыстырмалы кестеде берілді.

Кесте 1 - Орталық Азия елдеріндегі жад саясатының ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы салыстырмалы ерекшеліктері

Салыстыру өлшемдері	Қазақстан	Өзбекстан	Қырғызстан
Жад саясатының басым моделі	Институционалдық-инклюзивті	Мемлекеттілік-символдық	Мәдени-нарративтік
Ұлттық бірегейліктің негізгі тірегі	Мемлекеттілік сабақтастығы, ұлттық жаңғыру, азаматтық тұтастық	Күшті мемлекет идеясы, ұлттық мақтаныш, тарихи заңдылық	Этномәдени мұра, эпикалық дәстүр, рухани сабақтастық
Басым тарихи нарратив түрі	Мемлекеттілік пен тәуелсіздік сабақтастығы	Героикалық-мемлекеттік нарратив	Эпикалық-мәдени нарратив
Жад саясатының негізгі құралдары	Мемлекеттік бағдарламалар, білім беру жүйесі, мерейтойлық саясат, символдық кеңістік	Стратегиялық дискурс, тарихи тұлғаларды канондандыру, мемлекеттік рәміздер	Эпостар, мәдени мерейтойлар, дәстүрлі рәміздер, қоғамдық-мәдени іс-шаралар
Кеңестік кезеңге қатынасы	Қайта интерпретациялау және ішінара сабақтастықты сақтау	Іріктеп бағалау және ұлттық мемлекеттілікке бейімдеу	Көбіне мәдени жад аясында ығыстыру
Бірегейлік қалыптастырудағы басым бағыт	Азаматтық және этникалық компоненттерді ұштастыру	Мемлекеттік-ұлттық бірлікті күшейту	Этномәдени тұтастықты бекіту
Ықтимал салдары	Ұлттық тұтастықты нығайту, инклюзивті бірегейлікті дамыту	Саяси легитимацияны күшейту, бірақ этноцентризм тәуекелін арттыру	Мәдени бірлікті сақтау, бірақ саяси-институционалдық әлсіздік қаупі

Кесте деректері Орталық Азия елдеріндегі жад саясатының ортақ посткеңестік негізге сүйенгенімен, олардың ұлттық бірегейлікті қалыптастыру тетіктері мен басым нарративтік үлгілері әртүрлі екенін көрсетеді. Қазақстанда инклюзивті-институционалдық модель басым болса, Өзбекстанда мемлекеттілік пен символдық саясатқа негізделген үлгі айқынырақ көрінеді. Ал Қырғызстанда мәдени-нарративтік және эпикалық мұраға сүйенген модель жетекші орын алады.

Қорытынды

Жүргізілген талдау Орталық Азия мемлекеттеріндегі жад саясаты ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың әмбебап емес, әр елдің тарихи тәжірибесі мен саяси даму логикасына тәуелді көпмодельді құбылыс екенін көрсетті. Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан мысалдары тарихи

жадтың мазмұны ғана емес, оны институционалдандыру тәсілдері мен қолдану мақсаттары да айтарлықтай ерекшеленетінін дәлелдейді.

Қазақстан жағдайында жад саясаты институционалдық тұрғыдан ең жүйеленген және инклюзивті сипатқа ие модель ретінде көрінеді. Мұнда тарихи нарративтер мемлекеттілік сабақтастығын, ұлттық жаңғыру идеясын және азаматтық бірегейлікті үйлестіре отырып ұсынылады. Тарихи жад стратегиялық құжаттар, білім беру жүйесі және символдық саясат арқылы кешенді түрде қалыптастырылып, ұлттық тұтастықты нығайтудың идеологиялық ресурсына айналған.

Өзбекстанда жад саясаты мемлекеттілікке бағытталған және жоғары символдандырылған модельді көрсетеді. Тарихи нарративтер ұлттық мақтаныш пен саяси тұрақтылықты негіздеуге бағытталып, тарихи тұлғаларды ресми канонға енгізу және мемлекеттілік дәстүрін үздіксіз желі ретінде көрсету арқылы жүзеге асырылады. Бұл модельде жад саясатының басты функциясы – қазіргі саяси тәртіптің тарихи заңдылығын негіздеу.

Қырғызстанда жад саясаты мәдени-нарративтік бағытқа бейімделген ерекше модель ретінде сипатталады. Мұнда тарихи жад эпикалық мұра, дәстүрлі құндылықтар және символдық мәдени тәжірибелер арқылы қалыптасады. Ұлттық бірегейлік саяси легитимация құралынан гөрі этномәдени тұтастықты нығайтудың символдық механизмі ретінде көрінеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы жад саясаты мен тарихи нарративтердің ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін Орталық Азия кеңістігінде салыстырмалы және кешенді талдау арқылы айқындауында көрінеді. Қолданыстағы зерттеулерде жад саясаты көбіне жекелеген елдердің саяси контекстінде сипаттамалық деңгейде қарастырылса, бұл мақала тарихи жадтың ұлттық бірегейлікке ықпал ету механизмдерін институционалдық, дискурсивтік және символдық деңгейлердің өзара байланысында жүйелейді.

Мәселен, М. Ларюэль еңбектерінде жад саясаты негізінен ұлт қалыптастыру үдерісінің саяси құралы ретінде қарастырылса, бұл зерттеуде тарихи нарративтердің тек саяси заңдылықты негіздеу құралы емес, ұлттық бірегейліктің мәдени және құндылықтық құрылымын қалыптастыратын көпдеңгейлі символдық механизм екені көрсетіледі. А. Халидтің зерттеулерінде тарихи жад ұлттық мемлекет қалыптастырудың идеологиялық ресурсы ретінде талданғанымен, мақалада жад саясатының әр елде әртүрлі нарративтік модельдер арқылы жүзеге асатыны және олардың ұлттық бірегейлік мазмұнына тікелей әсер ететіні дәлелденеді. Ал, Р. Исаакс еңбектерінде Қазақстан мысалында жад саясатының саяси-идеологиялық сипаты басым қарастырылса, бұл зерттеу жад саясатының мәдени, білім беру және символдық кеңістіктегі институционалдану тетіктерін де кешенді түрде қамтиды.

Зерттеудің шектеулері ретінде эмпирикалық базаның негізінен ресми құжаттар, стратегиялық мәтіндер және білім беру материалдарымен шектелгенін атап өткен жөн. Бұл жад саясатының қоғамдық қабылдануының барлық қырларын толық ашуға мүмкіндік бермейді. Болашақ зерттеулерде тарихи жадтың әлеуметтік деңгейде қабылдануын сұхбат, сауалнама, медиа-талдау немесе қоғамдық дискурс материалдары арқылы толықтыру маңызды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Anderson B. *Imagined Communities: reflections on the origin and spread of nationalism*. – London ; New York : Verso, 2006. – 256 p.

[2] Halbwachs M. *On collective memory*. – Chicago : University of Chicago Press, 1992. – 244 p.

[3] Assmann J. *Cultural Memory and Early Civilization: Writing, Remembrance, and Political Imagination*. – Cambridge : Cambridge University Press, 2011. – 296 p.

[4] Hobsbawm E., Ranger T. *The Invention of Tradition*. – Cambridge : Cambridge University Press, 1983. – 320 p.

[5] Мармонтава Т. Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстанның тарихи жады саясатындағы Ұлы Дала мұрасы: Ғылыми мақала // *Journal of the National Congress of Historians*. – 2025. – С. 73-79.

[6] Шалтай Е., Жанпеисова К., Кахарман А. Саяси аспектіде тарихи жадыны зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі // *Journal of Philosophy Culture and Political Science*. – 2024. – Т. 89. – №. 3. – С. 90-97.

[7] Нечаева Е., Кожирова С. Историческая память: сущность, генезис, роль в контексте формирования национальной идентичности // *Адам әлемі*. – 2024. – Т. 101. – №. 3. – С. 69-80.

[8] Laruelle M. *Nation-building in Central Asia: memories, politics and identities* // *Europe-Asia Studies*. – 2014. – Vol. 66, No. 2. – P. 203–221.

[9] Isaacs R. *The Politics of Memory in Post-Soviet Kazakhstan* // *Nationalities Papers*. – 2015. – Vol. 43, No. 1. – P. 1–19.

[10] Nora, P. *Between Memory and History: Les Lieux de Mémoire* // *Representations*. – 1989. – No. 26. – P. 7–24.

[11] Etkind, A. *Warped Mourning: Stories of the undead in the land of the unburied*. – Stanford : Stanford University Press, 2013. – 312 p.

[12] Меньковский В. И. «Политика памяти» новых независимых государств Центральной Азии // *Түркі мәдениеті: Ортақ бастаулары және даму ерекшеліктері*. – 2023. – С. 39.

[13] Megoran, N. *Nationalism and memory in Central Asia* // *Political Geography*. – 2017. – Vol. 56. – P. 16–25.

[14] Khalid, A. *Making uzbekistan: nation, empire, and revolution in the early USSR*. – Ithaca : Cornell University Press, 2015. – 432 p.

[15] Романова А. П., Федорова М. М. Роль политики памяти в конструировании новых идентичностей в странах Большого Каспия (на примере Республики Казахстан и Республики Туркменистан) // Сравнительная политика. – 2024. – Т. 14. – №. 3. – С. 60-78.

[16] Brubaker, R. Nationalism Reframed: Nationhood and the National Question in the New Europe. – Cambridge : Cambridge University Press, 1996. – 202 p.

[17] Алпысбес М., Еришева Т. Ұлттық ұжымдық жады феномені тұрғысындағы тарихи персоналистика мәселелері // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Исторические и социально-политические науки. – 2020. – Т. 2. – №. 65.

REFERENCES

[1] Anderson B. Imagined Communities: reflections on the origin and spread of nationalism. – London ; New York : Verso, 2006. – 256 p.

[2] Halbwachs M. On collective memory. – Chicago : University of Chicago Press, 1992. – 244 p.

[3] Assmann J. Cultural Memory and Early Civilization: Writing, Remembrance, and Political Imagination. – Cambridge : Cambridge University Press, 2011. – 296 p.

[4] Hobsbawm E., Ranger T. The Invention of Tradition. – Cambridge : Cambridge University Press, 1983. – 320 p.

[5] Marmontova T. Qyrğyzstan, Özbekstan және Tүrikmenstannyñ tarihi jady saiasatyndağy Ūly Dala mūrasy: Ğylymi maqala [The Heritage of the Great Steppe in the Politics of Historical Memory of Kyrgyzstan, Uzbekistan and Turkmenistan: A Scientific Article] //Journal of the National Congress of Historians. – 2025. – S. 73-79 [in Kaz.].

[6] Şaltai E., Janpeisova K., Kaharman A. Saiasi aspektide tarihi jadyyny zertteudiñ teorialyq-ādısnamalyq negızı [Theoretical and methodological basis for the study of historical memory in a political aspect] //Journal of Philosophy Culture and Political Science. – 2024. – Т. 89. – №. 3. – S. 90-97 [in Kaz.].

[7] Nechaeva E., Kojirova S. İstoricheskaia pāmāt: suşnöst, genezis, röl v kontekste formirovaniā nasionālnoi identichnosti [Historical memory: essence, genesis, role in the context of formation of national identity] //Adam әlemi. – 2024. – Т. 101. – №. 3. – S. 69-80 [in Rus.].

[8] Laruelle, M. Nation-building in Central Asia: memories, politics and identities // Europe-Asia Studies. – 2014. – Vol. 66, No. 2. – P. 203–221.

[9] Isaacs, R. The Politics of Memory in Post-Soviet Kazakhstan // Nationalities Papers. – 2015. – Vol. 43, No. 1. – P. 1–19.

[10] Nora, P. Between Memory and History: Les Lieux de Mémoire // Representations. – 1989. – No. 26. – P. 7–24.

[11] Etkind, A. Warped Mourning: Stories of the undead in the land of the unburied. – Stanford : Stanford University Press, 2013. – 312 p.

[12] Menkovski V. I. «Politika pamäti» novyh nezavisimyh gosudarstv Senträlnoi Azii [«Politics of memory» of the new independent states of Central Asia] //Türki mädenietı: Ortaq bastaulary jäne damu erekşelikteri. – 2023. – S. 39 [in Rus.].

[13] Megoran, N. Nationalism and memory in Central Asia // Political Geography. – 2017. – Vol. 56. – P. 16–25.

[14] Khalid, A. Making uzbekistan: nation, empire, and revolution in the early USSR. – Ithaca : Cornell University Press, 2015. – 432 p.

[15] Romanova A. P., Fedorova M. M. Röl politiki pamäti v konstruirovani novyh identichnostei v stranah Bölsogo Kaspia (na primere Respubliki Kazahstan i Respubliki Turkmenistan) [The role of political memory in the construction of new identities in the countries of the Greater Caspian Sea (on the example of the Republic of Kazakhstan and the Republic of Turkmenistan)] //Sravnitelnaia politika. – 2024. – T. 14. – №. 3. – S. 60-78 [in Rus.].

[16] Brubaker, R. Nationalism Reframed: Nationhood and the National Question in the New Europe. – Cambridge : Cambridge University Press, 1996. – 202 p.

[17] Alpysbes M., Erişeva T. Ülttyq üjymdyq jady fenomenı tūrğysyndağy tarihi personalistika мәseleleri [Problems of historical personalistics in the context of the phenomenon of national collective memory] //Vestnik KazNPU imeni Abaia. Seria: İstoricheskie i sosiälno-politicheskie nauki. – 2020. – T. 2. – №. 65 [in Kaz.].

ВЛИЯНИЕ ПОЛИТИКИ ПАМЯТИ И ИСТОРИЧЕСКИХ НАРРАТИВОВ НА НАЦИОНАЛЬНУЮ ИДЕНТИЧНОСТЬ: НА ПРИМЕРЕ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

***Ахмеджанова М.Ж.¹**

***¹ Казахский университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан**

Аннотация. Проблема формирования национальной идентичности в условиях современной глобализации и постсоветской трансформации приобретает особую актуальность для стран Центральной Азии. В этом процессе историческая память и институциональные механизмы ее управления, то есть политика памяти, становятся важным инструментом укрепления государственности и общественной целостности. Данная статья направлена на научное осмысление роли политики памяти и исторических нарративов в формировании национальной идентичности на основе опыта стран Центральной Азии.

Цель исследования-выявить механизмы влияния исторической памяти и исторических нарративов на национальную идентичность и раскрыть их интегративные и конфликтогенные аспекты. В ходе исследования политика памяти рассматривается как символическое, идеологическое и институциональное средство формирования национальной идентичности. Основная идея основана на доказательстве того, что историческая память-это не отражение нейтрального прошлого, а динамичная и многоуровневая структура, тесно связанная с текущими политическими и социальными процессами.

Методологически исследование проводилось с опорой на качественные подходы. В качестве основных методов использовались дискурсивный анализ, нарративный анализ и сравнительно-исторический метод. Источниковую базу исследования составили принятые на государственном уровне документы исторической политики, официальные материалы в области образования, а также отечественные и зарубежные академические исследования.

Результаты исследования показали, что политика памяти оказывает многогранное влияние на формирование национальной идентичности. Было обнаружено, что исторические нарративы могут увеличить риск социальной классификации, создав общее историческое пространство и укрепив общественное единство, с одной стороны, и исключив альтернативные воспоминания, с другой. Научная ценность исследования определяется комплексным анализом особенностей политики памяти на пространстве Центральной Азии и теоретическим углублением процесса формирования национальной идентичности. Выводы, полученные с практической точки зрения, могут быть использованы при совершенствовании исторической политики, обновлении содержания образования и разработке культурных стратегий, направленных на укрепление общественного согласия.

Ключевые слова: историческая память, политика памяти, исторический нарратив, национальная идентичность, Центральная Азия, постсоветское пространство, государственность, символическая политика, культурная память

THE INFLUENCE OF MEMORY POLICY AND HISTORICAL NARRATIVES ON NATIONAL IDENTITY: ON THE EXAMPLE OF CENTRAL ASIA

*Akhmejanova M. Zh ¹

*¹Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The problem of national identity formation in the context of modern globalization and post-Soviet transformation is becoming particularly

relevant for the countries of Central Asia. In this process, historical memory and the institutional mechanisms of its management, that is, memory policy, become an important tool for strengthening statehood and social integrity. This article is aimed at a scientific understanding of the role of memory politics and historical narratives in the formation of national identity based on the experience of Central Asian countries.

The purpose of the study is to identify the mechanisms of influence of historical memory and historical narratives on national identity and to reveal their integrative and conflict-causing aspects. In the course of the research, the policy of memory is considered as a symbolic, ideological and institutional means of forming national identity. The main idea is based on the proof that historical memory is not a reflection of a neutral past, but a dynamic and multilevel structure closely related to current political and social processes.

Methodologically, the research was conducted based on qualitative approaches. The main methods used were discursive analysis, narrative analysis and the comparative historical method. The source base of the research was made up of state-level historical policy documents, official materials in the field of education, as well as domestic and foreign academic research.

The results of the study showed that the policy of memory has a multifaceted impact on the formation of national identity. It has been found that historical narratives can increase the risk of social classification by creating a common historical space and strengthening social cohesion, on the one hand, and eliminating alternative memories, on the other. The scientific value of the research is determined by a comprehensive analysis of the features of memory policy in Central Asia and the theoretical deepening of the process of national identity formation. The conclusions obtained from a practical point of view can be used in improving historical policy, updating the content of education and developing cultural strategies aimed at strengthening social harmony.

Keywords: historical memory, memory policy, historical narrative, national identity, Central Asia, post-Soviet space, statehood, symbolic politics, cultural memory

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 25.01.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 27.03.2026.*

Автор туралы мәлімет:

Ахмеджанова Майнур Жайшиғалиевна – Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ «Аймақтану» мамандығының 1 курс докторанты, e-mail: mainur_81@mail.ru

Информация об авторе:

Ахмеджанова Майнур Жайшигалиевна-докторант 1 курса специальности «Регионоведение» КазУМОиМЯ имени Абылай хана

Information about author:

Akhmejanova Mainur Zhaishigaliyeva – 1st-year PhD student in Regional Studies at Ablai Khan KazUIR&WL, e-mail: mainur_81@mail.ru